

Кімге: Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігіне.

Автордың аты-жөні және лауазымы: Қазезов Данияр Ұғмарұлы, бас маман.

Күні: 11.11.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Ауыл шаруашылығында жанармай өнімдерінің ұрлануы және онымен күресу жолдары.

Кілт сөздер: Жанармай, ауыл, ұрлық, дизель, шаруашылық, агросектор.

Бұл аналитикалық жазбада қазіргі таңда ауыл шаруашылығында өзекті болып тұрған трактор, комбайн және іштен жанатын қозғалтқышы жанармайды отын ретінде тұтынатын барлық техникалардың жанар-жағармайының ұрлануы және аталған фактілерге сыбайлас жемқорлық қатері бар-жоғы жөнінде талдау жүргізіледі. Және бұл мәселенің тиімді шешу жолдары көрсетіліп, әлемдегі алпауыт елдердің бұл індетпен күресу тәжіриесі баяндалады.

Ауыл шаруашылығындағы жанар-жағармай материалдарын ұрлау-бұл осы салада қызмет атқарып жүрген кәсіпорындар мен фермерлер үшін аса үлкен қауіп. Кейбір деректерге сәйкес, ауыл шаруашылығындағы жанармай ұрлығының нақты көлемі бір жылда қолданылатын жанармай көлемінің 20%-на жетуі мүмкін.

Төменде агросекторда жанар-жағармай ұрлығы анықталған және жолын кескен тәжірибеден бірнеше мысалдар келтірілген:

- Ақмола облысы аумағында "Qarmet" АҚ өкілдігінің аумағынан жанар-жағармай материалдарын ұрлау бойынша қылмыстық схеманы жолға қойған тұлғалар тобының құқыққа қарсы қызметі тоқтатылды. Ұсталғандардан 5,5 тоннаға жуық дизель отыны, ірі көлемдегі ақша қаражаты және өзге де заттай дәлелдемелер тәркіленді;

- СҚО ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бірінде дизель отынын үнемі ұрлау туралы ақпарат келіп түсті. Жедел іс-шаралар нәтижесінде күдіктілер тобы құрылды. Полиция оларды КамАЗ маркалы жүк көліктері бактарынан жанармай ұрлап жатқан кезде ұстады. Кәсіпорынға келтірілген залал айтарлықтай болды. [4]

Агросектордағы жанармай ұрлығының кез-келген жағдайлары заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін және мұндай әрекеттер үшін тиісті құқықтық салдарлар туындауы мүмкін екенін ескеру маңызды.

Ауыл шаруашылығында жанар-жағармай материалдары әртүрлі себептермен жиі ұрланады, олардың арасында:

- Ішкі бақылаудың әлсіз жүйесі және бухгалтерлік есептегі кемшіліктер. Бұл өнімді мақсатсыз пайдалануға әкеліп соғады;

- Отынның жоғары құны. Жосықсыз қызметкерлер қайта сатудан пайда табу үшін ұрлыққа жүгінуі мүмкін;

- Көлік жұмыстарының елеусіз үлес салмағы. Негізінен жанармай машина-трактор паркінің ауыл шаруашылығы жұмыстарына жұмсалыуы тиіс.

Ауыл шауашылығында жанар-жағармай өнімдерінің ішінде ең көп қолданылатыны бұл – дизель отыны.

Дизель - бұл іштен жанатын дизель қозғалтқышында отын ретінде қолданылатын сұйық өнім. Әдетте бұл термин мұнайды тікелей айдаудың керосин-газойль фракцияларынан алынған отынды білдіреді. Дизель отыны-парафин, нафтен және хош иісті көмірсутектердің, сондай-ақ олардың туындыларының қоспасы. Негізгі компоненттерден басқа, оның құрамында әртүрлі қоспалар болуы мүмкін — шайырлар, күкірт қосылыстары, су, қатты заттар, бояғыштар, заттаңбалар. Дизельдің түсі сарыдан ашық қоңырға дейін өзгерген күйде кездеседі.

Бұл отын түрін ең алғаш 1892 жылы неміс ғалымы және өнертапқышы Рудольф Дизель ашқан. [1, 2]

Дизель отыны ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылады, өйткені ол ауылшаруашылық техникасының тиімді жұмысын қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары Қазақстанда дизель отынымен жүретін жүк тиегіштер, жол-құрылыс техникалары, авто-крандар саны артып келеді. Бұл дизель отынына деген сұраныстың көп екендігін айғақтайды.

Ауыл шаруашылығында дизель отынымен келесі техника түрлері жұмыс істейді:

- тракторлар;
- комбайндар;
- өңдеу құрылғылары (қопсытқыштар, тыңайтқыш таратқыштар, тереңдеткіштер және т. б.);
- егіс, егін жинау және жем-шөп дайындау техникасы.

Агросекторда дизельді пайдаланудың артықшылықтары:

- Пайдалы әсердің жоғары коэффициенті. Бұл өндірістің қаржылық шығындарына оң әсер етеді;
- Әмбебаптық. Әр түрлі жабдықтар үшін отынның бір түрін пайдалану оны жаппай сатып алуға мүмкіндік береді және қажетті көлемді есептеуді жеңілдетеді;
- Қозғалтқыштардың аз тозуы;
- Қосымша майлаушы ретінде қызмет ететін жану кезінде заттардың бөлінуі. [3]

Шаруашылықта жоғары сапалы дизельді пайдалану өте маңызды, өйткені сапасыз отын механизмдердің бөлшектерінің тозуына және зақымдалуына әкелуі мүмкін.


Жоғарыда аталып өткен мәліметтер бойынша дизель отыны әмбебап, сұранысқа ие болуы себепті бағасы да сәйкесінше басқа отындардан қымбат.

Отын бағасының қымбат болуы оның жиі ұрлануына да басты себеп. Осы тұрғыдан алғанда АҚШ ғалымдары жүргізген зерттеуін мысалға келтірсек. (сурет - 1)

Құрама штат ғалымдары зерттеуі бойынша жер бетінде өмір сүретін адамдардың тек 10%-ы ғана патологиялық адалдыққа ие және қандай жағдайда да біреудің мүлкін ешқашан иемденбейді.

Ал адамдардың басқа бір 10%-ы ұрлықсыз өмір сүре алмайды және кез келген жағдайда қылмыстық жауапкершілікке қарамастан ұрлық жасайды.

Адамдардың қалған 80%-ы кез келген ыңғайлы жағдайда біреудің мүлкін иемденіп алу мүмкіндігін жіберіп алмауға тырысады. [5]



Сурет - 1

Ауыл шаруашылығында дизель отынын ұрлаудың алдын алу үшін келесі шараларды қолдануды ұсынамын:

- Жанармай бақылау датчиктерін орнату. Олар көліктің борттық құрылғысына қосылады және интернет арқылы диспетчерге негізгі ақпаратты береді: жүрісі, қозғалыс жылдамдығы, отын шығыны, аялдамалар саны, жанармай құю орны мен көлемі;

- Тахографтарды орнату. Тахографқа спутниктік бақылау жүйесінен, акселерометрден және жылдамдық сенсорынан ақпарат келеді. Бұл құрылғының көмегімен көліктің қанша уақыт жүргені, қанша жылдамдықпен жүргені, километрді бақылау туралы сенімді ақпарат алуға болады;

- Жоспардан тыс техникалық байқаулар жүргізу. Бұл жүргізушінің авто конструкциясына енгізе алатын рұқсат етілмеген "инновацияларды" анықтауға мүмкіндік береді;

- Дизель өнімін арнайы бояғыштармен бояу. "Боялған" отынды ұрлау және оны сату қиындық тудырады;

- Жанармай багына пломба орнату және трактордың сыртқы бөліктерін бояу. Мысалы, жанармай сорғысының элементтерін бояу. Дәл осылай қорғалған жанармай багынан із қалдырмай жанармай ұрлау мүмкін емес;

- Навигациялық жүйелерді енгізу. Ол техниканың гаражға қай уақытта келгенін, механизатордың түскі асқа қанша уақыт тоқтағанын көруге мүмкіндік береді. Қозғалыс бағыты арқылы орындалған жұмыс көлемін анықтауға болады.

Ауыл шаруашылығында жанармай ұрлығымен келесі елдер күресуде:

Сербия. Жүк тасымалдауға мамандандырылған компания ұрлықтың алдын алу үшін жанармай құюды бақылау мен дабыл жүйесін орнатты.

Англия. Елде қызыл пигментпен белгіленген дизель заңды түрде бекітілген. Оған қарапайым автомобильдер пайдаланатын боялмаған дизельге қарағанда төмен салық төленеді.

Мексика. Ел үкіметі жанармай ұрлығымен күресу үшін қарулы күштерді пайдалануды жандандыру жоспарын жариялады.

Нигерия. Ел ұрлық пен диверсияны азайту үшін бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдіре отырып, ұрлықпен күресуде.

Қорытындылай келе ауыл шаруашылығында жанармай өнімдерін ұрлау кәсіпорындар мен фермерлер үшін үлкен қауіп болып табылады. Жанар-жағармай материалдары ұрлығының жиілеуіне ішкі бақылаудың әлсіздігі, жанармай құнының жоғары болуы, жұмыс көлемінің аздығы басты себеп. Дизель отыны тиімділігі мен әмбебаптығына байланысты ауыл шаруашылығында ең көп қолданылатын отын түрі болып табылады. Оның жоғары сұранысы мен қымбат бағасы оны ұрлықтың басты нысанасына айналдырады. Бұл мәселенің тиімді шешімдеріне отынды басқару датчиктерін орнату, жоспардан тыс техникалық тексерулер жүргізу, дизель өнімдерін арнайы бояғыштармен бояу жатады. Көптеген елдер, соның ішінде Сербия, Англия, Мексика және Нигерия ауыл шаруашылығында жанар-жағармай материалдарын ұрлаумен күресуде.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Тауарлық мұнай өнімдері, олардың қасиеттері мен қолданылуы. Анықтамалық, ред. Н. Н. Пучков, М., 1971
2. Мұнай өнімдері. Анықтамалық, ред. Б. В. Лосикова, М., 1966.
3. https://fuel-delivery.ru/news/selskay_tehnika_na-diselnom_toplive
4. Қазақ телеграф агентігі <https://kaztag.kz/ru/news/skhemu-regulyarnykh-khishcheniy-gsm-raskryli-v-sko>
5. Ұрлықты қалай жеңуге болады . Практикалық курс, А. Крымов